Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

1 қараша сейсенбі
№87 (1891)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

БОРЫШЫН ӨТЕМЕУ БӨРІКТІГЕ СЫН

Бұрынғы кезде ата-ана «ұлым әскерге аттанады» деп қуанатын. Дәл қазіргі уақытта олардың түн ұйқысы төрт бөлінді. Бірі әскердегі ұлының бас амандығын ойлайтын болса, екіншісі «ұлым әскерге жарамсыз болып шықса екен» деп тілеуін тілейді. Неге? Өйткені қоғамдағы әділетсіздік осындай халге жеткізді. Себебі әскерде әділетсіздік көп болып тұр. Жігіттер қалай болғанда да Отан алдындағы борышын өтеп, ел басына күн туғанда елін, жерін қорғауға міндетті. Рас, елімізде жастарды әскерге баруға ынталандырмайды. Сонымен қатар ондағы келеңсіз жайттар бозбалалардың сарбаз сапында тұруға деген ниетін қашырғандай. Қалай болғанда да ер-азаматтарды Отан алдындағы борышын өтеуге міндеттеу қажет. Әскерге жігіттерді шақыру мақсатында елімізде түрлі жобалар қарастырылды. Соның бірі – мерзімді әскери қызметін өткерген барлық азаматқа ұлттық бірыңғай тестілеуді есепке алмай, әскери борышын өтеген соң екі жыл ішінде жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік береді.

4 БЕТТЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық комиссияның кезекті отырысында қыс мезгілі қарсаңында бірқатар мәселе қаралды.

ҚЫСТАН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП, ҚАНДАЙ САҚТЫҚ КЕРЕК?

Жиында облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Жандос Еркінбек ықтимал су тасқынының алдын алу мәселелері бойынша атқарылуға тиіс жұмыстарды баяндады. Оның сөзінше, жыл сайын өңірде мол суды қауіпсіз өткізу мақсатында қорғаныс бөгеттері мен су шаруашылығы нысандарының ахуалын зерттеп, анықтау арқылы жөндеу, күшейту және қалпына келтіру жұмыстары атқарылуда.

Аймақ басшысы су деңгейі көтеріліп, мұз қату кезінде қауіпсіздік шараларын сақтап, ең қауіпті тұстарды алдын ала анықтау жұмыстарын уақытылы жасауды тапсырды. Бұл ретте қажетті техника мен құрал-жабдықтарды тиянақты керек екенін алға тартты.

Отырыста қысқы мұз ұстасу кезеңінде су деңгейі көтеріліп, елді мекендерге, инфрақұрылымға су басу қаупі туындауы ықтимал Арал, Қазалы, Қармақшы ауданының әкімдері баяндама жасады. Сондай-ақ Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы мен «Қазсушар» РМК басшылығы қазіргі су тоғандарында қалыптасқан жағдайды, ал «Қазгидромет» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры алдағы қыс мезгіліндегі ауа райы болжамын сипаттады.

Комиссия отырысында қыс мезгіліндегі жол қауіпсіздігі мәселесі де қаралды. Жиында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Руслан Қайрақбаев пен «ҚазАвтожол» мекемесінің басшысы Ерұлан Жүнісов баяндама жасады.

Аймақ басшысы қысқы уақыттағы төтенше жағдайлардың басым бөлігі автожол бойында болатынын айтып, алдағы уақытта ескерілуі тиіс мәселелерді тізбектеді. Нақтырақ айтқанда, «Қызылорда-Жезқазған» трассасы бойындағы ұялы байланыстың болмауы, автожол бойындағы қар басу қаупі бар учаскелерді қардан тазалау үшін арнайы техникалар және жылыту бекеттері дайындығы және аймақтағы қалқымалы көпірлердің жағдайы бақылауды қажет етеді.

Осыған орай алдын-ала арнайы техника мен жылыту бекеттерінің дайындығын пысықтап, төтенше жағдайдан зардап шегушілерге көмек көрсету үшін қажетті бұйымдарды әзірлеу тапсырылды. Сондай-ақ жауапты мекемелерге халықты қауіпсіздік шаралары туралы кеңінен ақпараттандыру міндеті жүктелді.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Қазақстан ақшасының қомақты көлемі шетелдегі жасырын есепшоттарға кетіп жатқаны жасырын емес. Ол жақта қанша ақша жатыр? Отыз жылда ел несібесін еселеуге тиісті қаржының қанша миллиарды бөтеннің қалтасына түсті? Мұны дөп басып, нақты осынша сома деп ешкім айта алмайды. Онсыз да жарымай отырған Қазақстан халқының аузынан жырып, опыра жеудің амалын тапқан жемқор немелер елдің қазанына қол сұққандардың жеті ұрпағына дейін қарғысқа ұшырайтынын естен шығарған сияқты. Жуырда офшордағы ақшаның басы елге қайта бастағаны туралы ақпарат тарады. Бұл ақпаратты Мемлекет басшысының пәрменімен құрылған комиссияның ресми өкілі Зейін Әліпбек мәлім етті.

ОФШОРДАҒЫ АҚША ДА

ЕЛ НЕСІБЕСІ ЕКЕНІН ҰМЫТПАУ КЕРЕК

ОФШОРДА ҚАНША ҚАРЖЫ БАР?

Осыдан екі жыл бұрын сенат депутаты Ольга Перепечина: «Шетел асқан ақшаның нақты сомасын анықтап айта алмаймыз. Себебі бізде бұған жауап беретін арнайы орталық жоқ. Tax Justice Network халықаралық ұйымы таратқан мәлімет бойынша, соңғы 20 жылда Қазақстаннан офшорлық аймақтарға шамамен 140 млрд доллар аударылған», – деген болатын.

Сол кезде сенатор Перепечина 2020 жылы офшордағы ақшадан Қазақстанға көк тиын да қайтпағанын айтқан еді.

Жыл басында өткен Парламент Мәжілісінің отырысында офшордағы қаржы мәселесі тағы көтерілді. Бұл жолы «Ақ жол» партиясынан сайланған Мәжіліс депутаты Мақсат Раманқұлов депутаттық сауал жолдап, 160 млрд долларға дейін шетел асып кеткенін жеткізді.

«Біздің фракция соңғы жылдары, «Панама тізімі», «Райское досье» және Швейцария банктерінің қазақстандықтырдың шоттарына қатысты депутаттық сауалдарымызда осы мәселелерді бірнеше рет көтерген болатынбыз. «Tax Justice network» халықаралық ұйымының мәліметі бойынша, соңғы 25 жылда Қазақстаннан шетелдік офшорларға шамамен 140-160 миллиард АҚШ доллары шығарылған, бұл бүкіл елдің жылдық ішкі жалпы өнімі мен оның сыртқы қарызына тең», – деді мәжілісмен.

Халық қалаулысы қаңтар қасіретінде кейбір олигархтар Қазақстаннан жеке ұшақтармен кетіп қана қоймай, қыруар қаржыны шетелдегі есепшоттарға аударғаны туралы ресми емес ақпарат бар екенін де айтқан болатын.

Осыған байланысты Мәжілістегі «Ақ жол» фракциясы Қаржы мониторингі агенттігінен Қазақстан экономикасына офшорлық аймақтардан нақты қанша қаражат қайтарылғаны туралы ақпарат беруді, қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде Қазақстаннан шетелге қандай ірі қаражат шағарылды (миллион АҚШ доллардан көп суммалар), оны кімдер шығарғанын, кімдердің шоттарына түскенін анықтауды және шығарылғын қаражат халықтан ұрланған болса, елімізге қайтарылып, экономикаға жұмыс істесін деген талаптарын айтты.

2 БЕТТЕ

Баспасөз-2023

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса,
мына нөмірлерге хабарласыңыздар:40-05-81, 70-14-08.

ГУМАНИЗМ ИГІЛІГІ:

«қаңтар қателігі» кешіріледі

Бұл – қоғамдағы түйткілді мәселенің бірі. Қаңтар оқиғасы уақыт өте келе ұмытыла бастаған секілді болғанымен, жүректегі жара жазылған жоқ. Қара жамылған отбасы, жазықсыз жапа шеккендер және тағысын тағы.

Өткен аптада Сенат қабырғасында «Рақымшылық жасау туралы» заңның қабылдануы талайдың үміт отын оятты. Бұл – Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауындағы тапсырмасына орай қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жасау мақсатында әзірленген заң.

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың пікірінше, бұл заң тәртіп бұзуға жол берген адамдарға қатысты қоғам мен мемлекет тарапынан жасалған гуманизм қадамы.

– Заңда рақымшылық жасауды қолдану шарттары, тәртібі және ол қандай адамдарға қолданылмайтыны туралы нақты нормалар белгіленген. Бұдан былай осындай оқиғалар елімізде ешқашан қайталанбайды деп сенеміз, – деді Сенат төрағасы.

Сенат депутаты Ләззат Сүлеймен «Тергеу органдары қаңтар оқиғасы кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған 1600-ге жуық адамды анықтап, оларды жауапқа тартты. Оның ішінде 1112 адамға сот үкімі шығарылды. Басқаларының істері тергеу сатысында. Рақымшылық сотта да, тергеуде де қолданылады», – дейді.

Сондай-ақ бұл заңның өз ерекшелігі бар. Атап айтар болсақ, бұрын болған рақымшылық кезінде айыпталушы міндетті түрде келтірілген шығынды өтеуге тиіс еді. Бұл жолы мұндай талап қойылмайды. Бірақ мүлік иесі материалдық шығынды сот арқылы азаматтық-құқықтық тәртіпте өндіріп алуға құқылы. Бұған дейінгі қалыптасқан тәжірибе бойынша бас бостандығынан айыру мекемесінде жазасын өтеп жатқан адамға рақымшылық жасау үшін міндетті түрде оның тәртібі ескерілетін. Бұл заңда мұндай талап жоқ екені сенаторлар тарапынан айтылды.

Сенат қабырғасында заң жобасы туралы баяндама жасаған сенат депутаты Ләззат Сүлеймен заңдағы негізгі ережелерді атап өтті. Жасалған қылмыстардың нақты уақыт аралығы және рақымшылыққа іліккен азаматтар тобы белгіленді. Заң жобасы теріс қылық, ауырлығы төмен және орташа қылмыс жасағандарды жазадан толық босатуды көздейді. Ал жазасын өтеп шыққандардан соттылық алынады. Ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандарға жаза мерзімін азайту көзделген. Ауыр қылмыстарға қатысты сот тағайындаған мерзімнің төрттен үш бөлігі, ал аса ауыр қылмыстар бойынша мерзімінің жартысы қысқарады. Сотталған тұлғаның жазаны өтеу мерзімі бір жылдан аз болса, онда ол жазаны өтеуден босатылады. Алайда бұл шараны қылмыс жасағандарды ақтау немесе кінәсіз деп тану ретінде түсінуге болмайды. Бұл шара – қаңтар оқиғасына қатысушыларды жазадан босату туралы Президенттің шешімі», – дейді ол.

2 БЕТТЕ



ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМНІҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

Соңғы жылдары балабақшадағы балалар қауіпсіздігіне қатысты жиі көтерілетін мәселенің бірі – бүлдіршіндерді ұрып-соғатын тәрбиешілердің көбейгені. Жасыратын несі бар, қазір көп ата-ана балабақша жұмысына күмәнмен қарайды. Олардың қатарында өзіміз де бармыз. Жалпы қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше мән береді. Тіпті бұрын аналарымыз бала тәрбиесімен айналысып, үйде отырған. Алайда қазір заман талабына сай, барлық анаға үйде отыруға мүмкіндік жоқ. Оның үстіне бүгінде жұмысбасты ата-аналар көп. Сондықтан олар баланы 1 жасқа толысымен балабақшаға беріп, тәрбиешіге сеніп тапсырады.

Бүгінде балаға қолайлы болуы үшін мемлекеттік балабақшаларда барлық жағдай бар. Тіпті жеке балабақшалардың да талапқа сай, сапалы қызмет көрсететіндері жетерлік. Бүгін қаладағы №3 «Қарлығаш» санаторлық балабақшасының жұмыс барысымен танысуға мүмкіндік туды.

Бұл балабақша – 1956 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан киелі орын. Алғашында баланы өкпе ауруына шалдыққан ата-анасынан оқшаулау мақсатында санаторлық типтегі тәулік бойы жұмыс істейтін 2 топтық 50 орынды болып ашылды. Ал 2012 жылы балабақша ғимараты заманауи үлгіде қайта салынып, сыйымдылығы 90 орынды, 4 топтық болып толықты. 2022 жылы балабақшаға бөбекжай атауы берілді. Қазіргі кезде балабақша туберкулез ошағында тұратын балалармен бірге, 2020 жылдан бастап, емханада «Д» есепте тұратын бүлдіршіндерді де қабылдайды. Бұл бөбекжайдың бір ерекшелігі, толықтай мемлекет қаржыландырады. Анығын айтқанда, мұнда әрбір балаға тегін қызмет көрсетіледі.

Таңертеңгілік уақытта балабақшадағы таңғы астың иісі мұрынды жарады. Бұл – балабақшаға баратын баласы бар әрбір ата-анаға таныс жағдай. Бізді бөбекжайдың меңгерушісі Гүлмира Айтілесова күтіп алып, тәлім ордасының жұмысымен таныстырды. Сол уақытта балалар далада серуендеп жүр екен. Жалпы далаға шыққанды баланың бәрі жақсы көреді ғой. Олар мәз болып, ойнап жүр. Топтарды жәймен аралап, тәрбиешілердің еңбегін, балалардың қолдан жасаған заттарын, суретін, фотосуретін көріп жүріп, балалық шағым есіме түсіп, іштей жымиып қоямын.

Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Расында, білім беру балабақша табалдырығынан басталады. Тәрбие мен білім – егіз. Бүгінде мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту – басты орында. Сондықтан тәрбиешілерге артылар жауапкершілік аз емес. Оларға қойылатын басты талап – бала бойындағы тәрбие мен білімді ұштастыра білу. Сондықтан балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады. Қазіргі кезде заман талабына сай баланы дамыту үшін түрлі әдістер қолданылуда. Әсіресе баланың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологиялар жыл өткен сайын түрленіп отыр.

– Қазіргі кезде «Қарлығаш» бөбекжайында «Еркетай» кіші тобы, екі «Бүлдіршін» және «Шаңырақ» ортаңғы топтары мен «Бәйтерек» тобы бар. Біздің бөбекжайдың бір ерекшелігі, 1992 жылы бекітілген Вера Аппазованың бастамасы бойынша «Табиғатта балаларға еңбек арқылы экологиялық тәрбие беру» авторлық бағдарламасы жүзеге асады. Атап айтқанда, балаларға аулаға гүл егу, ауладағы гүлзарларды, жеміс ағаштарын күтіп-баптауға, табиғат сұлулығын сезініп, оны құрметтеуге баулимыз. Сондай-ақ бүлдіршіндердің тіл байлығын дамытуға, шығармашылығын арттыруға ерекше мән береміз. Мемлекет басшысы Жолдауда атап көрсеткендей, педагог мәртебесі дәрежесіне лайықты білімді педагогтермен қамту бақшамызда жақсы жолға қойылып, көпжылдық еңбек өтілі бар білікті 17 педагог, соның ішінде 5 сарапшы, 9 модератор және I санатты педагогпен қамтылған. Сонымен қатар психолог, логопед-дефектолог кобинеттері, заман талабына сай жасақталып, ерекше балалармен жұмыс істеу барысында тиімді тұстарын көрсетуде. Ата-ана өтінішіне байланысты «Балауса» би үйірмесі жұмыс істейді. Педагогтар балабақшада балалар үшін қолайлы заттық дамытушы орта оның ішінде ойын аймақтарын жасақтауға ерекше мән береді. Балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында еркін ойындар жиі ұйымдастырылады. Балабақша санаторлық мақсатта болғандықтан сауықтыру-шынықтыру жұмыстары үздіксіз жүргізіледі. Мәселен, балаларды міндетті түрде түскі ұйқыдан тұрғанда тұзды сумен ауыз қуысын шаю, массажды жолмен жүру, тыныс алу жаттығуын жасау, өкпеге арналған жаттығулар, яғни шар үрлеу, үрмелі ойыншықтармен үрлеу арқылы ойындарда түрлі әрекеттер істеледі, – деді бөбекжай меңгерушісі Гүлмира Айтілесова.

Атап айтсақ, рига әдісі – тұзды, түймелі жолдармен жүргізу, нүктелі массаж, тыныс алу жаттығулары бала ағзасын шынықтыруда пайдасы мол. Тұзды жолдарға 1 келі тұзға 1 литр су құйып, матаны сол суға батырып сығып жерге төсейді. Содан соң балалар сол жолмен жүріп өтеді де таза суға малынып сығылған мата үстімен жүреді. Ал түймелі жолдар – қатты матаға тігілген түймелер немесе желім бөтелкелерінің қақпақтары. Бұл жолдар баланың аяқ бұлшық еттерінің дамуына, жалпақтабандылыққа қарсы көмектеседі. Ерекше айта кету керек, мұндағы бүлдіршіндер «Стэп» аэробикамен, «Құм» терапиясы, «Асық» тепариясымен жұмыс істейді.

Балабақша меңгерушісінің айтуынша, жалпы бөбекжайдың басты мақсаты келешек ұрпаққа сапалы да саналы білім беріп, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, баланы тұлғалық дамыту.

Бұл бөбекжайдың жетістіктері аз емес. Балабақшадағы бүлдіршіндер халықаралық, республикалық, облыстық байқауларда топ жарып жүр.

Бөбекжайды аралап жүріп, мұндай бақшаға келген балалар қандай бақытты деген ойға келдім. Себебі іші жанға жайлы, баланың еркін ойнап-күлуіне барлық жағдай жасалған. Балабақша меңгерушісінің балаға деген қамқорлығы мен махаббаты анық көрінді. Ал тәрбиешілердің жүзінен мейірім төгіліп тұр.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА
Суретті түсірген: **Н.НҰРЖАУБАЙ**

РЕДАКТОР ӘБЕНОВ

Өткен сенбіде «Достық» үйінің мәжіліс залында «Сыр баспасөзіндегі 1960-1980 жылдар: редактор Қалқабай Әбеновтің рөлі» тақырыбында ғылыми-танымдық конференция өтті.

Облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов модераторлық еткен конференцияда облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов «Қаламгер-қайраткер Қалқабай Әбеновтің өмір жолы мен қайраткерлік қарымы» тақырыбында баяндама жасады. «Журналистік шеберлік және дәстүр сабақтастығы» тақырыбында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев баяндады. Ал «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, Қазақстан Журналистер Одағының облыстық филиал төрағасы Аманжол Оңғарбаев «Газет редакторлары және олардың қоғамдағы орны» тақырыбында баяндама жасап, Қалқабай Әбенов редакторлық еткен жылдардағы тарихи оқиғаларға тоқталып, оған қосқан редактордың үлесін айрықша атап өтті.

Облыстық тарихи өлкетану музейі қор бөлімінің меңгерушісі Аманкүл Нұржанова «Қалқабай Әбенов музейде болған жылдар» тақырыбында өткен күндерден ерекше сәттерді ортаға салды.

Басқосуда қаламгер ардагер-журналист, Қазақстанның Құрметті журналисі Қайырбек Мырзахметұлы мен қоғам қайраткері Шәкізат Төребаев Қалқабай Әбенов туралы естеліктерімен бөлісті.

Қаламгердің 100 жылдығына арналған шара «Орда» мейрамханасында жалғасты. «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі шараны сазбен әрлесе, облыстық музей жылжымалы көрме ұсынды. Онда музей қорында сақталған журналистің 50 ден аса құжат, суреттері, мемлекеттік наградалары, Жоғары кеңестен алған Құрмет грамоталары қойылды. Журналист, қайраткер Қалқабай Әбеновтің өмірі мен еңбек жолы туралы деректі фильм көрсетілді.

Жиында сондай-ақ «Сыр медиа» ЖШС және «Сыр журналистикасы» Қ.Әбенов атындағы қоғамдық қордың ұйымдастыруымен Қалқабай Әбеновтің 100 жылдығына орай баспа және электронды БАҚ өкілдері, сондай-ақ тәуелсіз қаламгерлер арасында өткен «Туған жер – тұғырым!» атты байқау жеңімпаздары марапатталды.

Нәтижесінде «Үздік баспасөз материалы» аталымы бойынша I орынды «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Дүйсенбек Аяшұлы жеңіп алды. Ал жүлделі II орынды тәуелсіз қаламгер Нұрбай Жүсіп иеленді. Сонымен қатар «Үздік орыс тілді баспасөз материалы» аталымы бойынша «Кызылординские вести» газетінің тілшісі Жанна Сражадинқызы жеңімпаз атанса, «Үздік телехабар» аталымын «Qyzylorda» телеарнасының редакторы Бекзат Есқалиев жеңіп алды. Жеңімпаздарға Қалқабай Әбенов атындағы «Сыр журналистикасы» қорының атынан бағалы сыйлықтар табысталды.

Әбеновтей редактордың 100 жылдығына жиналған қауым астан дәм татып, қаламгер рухына құран бағыштады

А.БІРКЕНОВ,
Суретті түсірген **Н.НҰРЖАУБАЙ**

ҚАНША ҚАРЖЫ ҚАЙТТЫ?

Биылғы маусым айында Президент Жарлығымен Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылған болатын.Оның құрамына 11 құзырлы мекеме кірді. Атап айтқанда, құқық қорғау, арнаулы және бірқатар орталық атқарушы органдардың, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның бірінші басшылары кірген комиссияның басты қызметі – елімізден заңсыз шығарылған қаржы-қаражатты елге қайтару. Жақында осы комиссияның ресми өкілі Зейін Әліпбек ведомствоаралық мекеменің кейінгі үш айда атқарған жұмыс нәтижесін жұртшылыққа жариялады. Үш айдағы жұмыстың нәтижесінде, шамамен 230 миллиард теңге қайтарылған. Комиссия таратқан ақпаратта бұл қаржы олардың шетелдік юрисдикцияларынан қайтарылғаны баяндалған. Бұдан бөлек Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тексеріп жатқан іс бойынша айыпталушылар Люксембургтен 170 млн АҚШ долларын өз еркімен қайтарғаны да белгілі болып отыр.

Бас прокурор Берік Асылов басқаратын комиссия кедендегі олигополиямен күреске де ерекше ден қойған. Комиссия іске кіріскен 4 айда 7 оператордан шамамен 60 млрд теңге өндірілген. Комиссияның ресми өкілі Зейін Әліпбек Үкімет актілері мен сот шешімдерін, оның ішінде мемлекеттік активтерді олигополиялардың пайдасына жекешелендіру және иеліктен шығару туралы шешімдерді зерделеу жұмыстарының әлі де жалғасатынын айтады.

ОФШОРДАҒЫ АҚША ДА ЕЛ НЕСІБЕСІ ЕКЕНІН ҰМЫТПАУ КЕРЕК

нәтиже 523 миллиард теңгені құраған. Бұл туралы республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне басылған Бану Әділжанның мақаласында жазылған. Енді осы мақаладағы ақпаратқа кезек берейік.

– Қылмыстық істерді тергеп-тексеру аясында мемлекетке шамамен 518 миллиард теңге, оның ішінде шетелдік юрисдикциялардан 173 миллион доллар өтелді. Прокурордың актілері бойынша мемлекет кірісіне 5 миллиардтан астам теңгеге 75 мың гектар жер, сондай-ақ 600-ден астам теміржол және оларға қатысты жер учаскелері қайтарылды, – деді З.Әліпбек.

Сарапшылардың пікірінше, ШЫҰ-ға мүше басқа елдермен салыстырғанда бұл жақсы көрсеткіш. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, Өзбекстан Республикасында 20 млн долларға жуық активтер қайтарылса, Ресей осы жылы 3,5 млн доллардан астам қаражатты қайтарған.

Қолда бар мәліметке сүйенсек, Қайрат Сатыбалдыұлы, Гүлмира Сатыбалды, Қайрат Боранбаев пен «ӨКМ» ЖШС операторының басшыларына қатысты жүргізген «Бұл сандар – комиссия жұмысының басы ғана. Шетел асқан дүние-мүлік пен қаржыны қайтару ісі әлі де қаузала береді», – дейді ол.

– Бас прокуратура жүргізген тексерулердің қорытындысы бойынша 10 уәкілетті экономикалық операторға 107 млрд теңге кедендік төлемдер мен салықтар қосымша есептелді. Биыл тамызда 6 оператор, атап айтқанда Almobi Group, «Express Кеден Сервис», Group of the companies TDA, Ai-To Progress, Global Logistics Ved және «TL NIKA кеден» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер бюджетке 2,7 млрд теңгені өтеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі Tex Alliance ЖШС-ға қатысты тергеп-тексеру аясында қабылдаған шаралардың нәтижесінде биыл 2-15 қыркүйек аралығында 56,9 млрд теңге өндіріліп алынды, – дейді Зейін Әліпбек.

Бұдан басқа, қадағалау актісі бойынша мемлекет кірісіне «КазГерСтрой БК» ЖШС-дан Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігі алдындағы міндеттемелерін орындамағаны үшін 330 миллион теңге мөлшерінде залал өндірілген. «Қызылжар орман шаруашылығы» КММ мемлекеттік мүлкі СҚО әкімдігінің теңгеріміне қайтарылды, ол 149 миллион теңгеге «TranscomLTD» ЖК пайдасына заңсыз иеліктен шығарылған. Осылайша,сатып алу-сату шарты бұзылды. Экономикалық ресурстарды заңсыз шоғырландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия олигополияның меншігіне берілген объектілерді сатып алу-сату шарттарын жарамсыз деп тану және мемлекетке қайтару бойынша да жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар соттарда жалпы 13,5 млрд теңгеге жуық мүлікті мемлекеттік меншікке қайтару туралы прокурордың 10 талап қоюы қаралып жатыр. Олардың ішінде: астаналық «Шапағат» базары, Шымкенттегі қоқысты қайта өңдеу кәсіпорны – «Таза қала» МКК және «ЛТД Тұрмыс» ЖШС Шымкенттегі «Қазақ инновациялық университеті» ЖШС-ға тиесілі, құны 4,5 млрд теңге болатын 150 гектар жер учаскесі, «Сарыағаш» санаторий-курортты кешеніндегі 1,44 гектар жер, Ақмола облысындағы 17 мың гектар жер учаскесі, Алматыдағы құны 2,9 миллиард теңге болатын 3,84 гектар жер учаскесі, бағалау құны 1,5 миллиард теңге болатын «Найза-БН» ЖШС («Барыс-4» базары) жарғылық капиталының 65 пайызы бар. Қазір 21 миллиард теңгеге олигополия өкілдерінің пайдасына шығарылған сот шешімдерін қайта қарау туралы Бас прокуратураның 11 наразылығы Жоғарғы соттың қарауында жатыр.

ОФШОРДАҒЫ АҚШАҒА НЕ ІСТЕУГЕ БОЛАДЫ?

Мақаланың әлқиссасында елден заңсыз шығарылған қаржының көлемі 160 млрд долларға тең екенін айтқанбыз. Жалпы бұл ақшаға не істеуге болады? Ал енді есептейік, 160 млрд доллар теңгеге шаққанда қанша болады? Осы жылдың 31 қазанындағы валюта бағамы бойынша 1 доллардың теңгеге шаққандағы курсы 468,12 теңгені құрап отыр. Енді осы екі санды көбейтейік. Шыққан теңдіктегі нөлдерді санап, қателесіп кетесің. Дегенмен 74 трлн-нан астам теңге болады екен. Оның сыртында қаншама млрд-тар мен млн-дар бар екенін айтып қояйын. Өйткені біздің есептегіш құрал 74 трлн 899 млрд 200 миллион деген санды көрсетіп тұр.

Ақжолдық депутат бұл қаржының елдің жылдық ішкі жалпы өнімі мен оның сыртқы қарызына тең екенін мәлім еткен. Егер осы ақшалар елге қайтса, мемлекеттің сыртқы қарызы мен халықтың несиесін жабу керек дер едім. Менің бұл ойымды қолдайтындардың аз еместігін білемін. Өйткені офшордағы қаржы да көптің аузынан жырып әкеткен елдің несібесі, халықтың қаржысы екенін ұмытпау керек.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

Басы 1-бетте

ГУМАНИЗМ ИГІЛІГІ: «қаңтар қателігі» кешіріледі

Айта кетелік, бұл заңда қазақстандықтарды қылмыстық теріс қылықтары мен ауырлығы аз және орташа қылмыстары үшін жазадан босатуды көздейтін нормалар жазылған. Мұндай қылмыстар үшін жазасын өтегендерден соттылығы алынады. Ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандар бойынша: ауыр қылмыстар үшін – сот тағайындаған мерзім төрттен үшке, ал аса ауыр қылмыстылар үшін жартысына қысқарады. Мұнан бөлек босатылатын адамдарды қайта әлеуметтендіру, жұмысқа орналастыру, медициналық көмек көрсету, құжаттарды рәсімдеу шаралары қарастырылған. Бұл ретте азаптаумен айналысқандар, террористер, экстремистер, рецидивистер, тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар рақымшылыққа жатпайтыны заңда көрсетілген.

Заң жобасы туралы белгілі заңгер Абзал Құспан inbusiness.kz сайтына берген сұхбатында былай деді: «Amanat» қоғамдық комиссиясының жұмысына бар уақытымды арнадым. Адвокат болсам да, іс алып, белсенділігімді басқа арнаға бұрып жатқаным жоқ. Тек қана осы комиссия жұмысы басты назарда. «Рақымшылық туралы» заңның бірде-бір инициаторы ретінде, әрине, біз оны Мәжілістегі жұмыс тобының талқылауына да араластық. Алдағы аптада Президент қол қойса, комиссия «Рақымшылық туралы» заңның іс жүзінде қолданылуына да араласамыз.

Қазір қамауда отырған, болмаса, ісі қаралып, тергеуде жатқан адамдарға рақымшылыққа іліну үшін құжат дайындаудың қажеті жоқ. Яғни іс тергеуде болса, онда тергеуші тағылған айыбын жеңілдету я толықтай рақымшылық жасау бойынша ұсынады. Ондай жағдайда азамат өзі өтініш білдіріп, рақымшылық заңын қолдануға келісімін береді, – дейді.

Заң күшіне енген соң 1500-ден аса адамға рақымшылық жасалады деп күтілуде.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шаған жер» ЖШС-ның атқарушы органы қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің 30.08.2022ж. №69 санында жарияланған серіктестік құрылтайшыларының өтініштеріне және жеке сот орындаушысы Н.Қалдашбаевтың сот шешімін орындау қажеттігі туралы міндеттемесіне сәйкес 2022 жылдың 26 қарашасы сағат 10.00-ге шақырылған «Шаған жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылтайшыларының (қатысушылардың) кезектен тыс жалпы жиналысының уақыты жұмыс ауқымдылығына байланысты (үлестерді қайта нақтылау, түгендеу және т.б.) 2022 жылдың 18 желтоқсаны сағат 10.00-ге ауыстырылғандығын хабарлайды.

Ескертпе: жалпы жиналыстың өтетін орны, күн тәртібі, өткізу тәртібі және т.б. талаптарына ешқандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жоқ.

«Шаған жер» ЖШС-ның атқарушы органы

Қазақ «ат – ер қанаты» деп сәйгүлікті жансерігіне балаған. Жылқы – дала жұртына тән мәдениетпен өмір сүрген, әлі күнге дейін салт-дәстүрі берік сақталған біздің халық үшін киелі жануар. Ауыз әдебиетіндегі эпостық жырлардағы батырлардың аттары ерекше қасиет біткен тұлпарлар ретінде суреттеледі.

Бұған Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, тіпті ертегідегі Кендебайдың Керқұласы дәлел бола алады. Олар – айшылық алыс жерлерге жылдам жеткізетін тұлпар ғана емес, сонымен қатар көкке самғар пырағы, батырлардың сенімді серігі.

ЖЫЛҚЫ МІНЕЗДІ ҚАЗАҚҚА СЕРІК БОЛҒАН ТҰЛПАРЫМ

Халқымыз сыйлы қонағына қымыз ұсынып, алдына қазы-қарта мен жал-жаясын қоса тартқан. Қымыз – жанға дәру, сан түрлі ауруға шипа боларлық сусын. Әсіресе адамның ішкі ағзаларының жұмысын реттеуге септігін тигізетін көрінеді. Сәйгүліктің үстінде жүрудің өзі (атта отыру) ем екен. Біріншіден, белсіздіктен сақтаса, екіншіден, бойынды тік ұстатар бел-омыртқаға пайдасы ересен зор. Бүгінде буын ауруына шалдығып, өздерін тік ұстай алмайтын (буындарын жаза алмайтын) адамдарды ат үстінде жүргізіп жаттықтыру арқылы емдеу орталықтары ашылып жатыр. Мұндайды ғылымда иппотерапия дейді.

Ағылшындық ғалымдар жылқы төлінің алғаш қолға үйретілген жері осы қазақ даласы екенін дәлелдеді. Қазіргі ғылым ол дәуірді «Бопай мәдениеті» деп қарастырып жүр. Ер жігіттің жан серігіне айналған тұлпарлар жайлы әлі күнге дейін толассыз, тоқтаусыз жырланып та жазылып та келеді. Қазақ жазба әдебиетінің басында тұрған Абай «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» деп жырлап, нағыз тұлпарға ғана тән теңеулермен бейнелесе, Құлагерін жоқтаған Ақан да, одан кейін ол жайында кино боларлық дастан жазған Ілияс Жансүгіров те қазақтың қазанаты жайында терең тебіренген. Үш жүздің басын қосып, бар қазаққа хан болған Абылайдың заманында мынадай оқиға болған. Жаумен болған бір қақтығыста ханның атына жебе тиіп мертігіп, қоршауда қалыпты. Сонда ел басынан айырылса, иесіз қалатынын түсінген Жәнібек батыр қоршауды бұзып кіріп, Абылайға атын беріп, өзі жаудың қалың қолымен шайқаса кетіпті. Аңызға сүйенсек, Абылай мен Жәнібектей қазақтың қос бірдей тау тұлғалы азаматын ажалдан астындағы ат қана аман алып шыққан көрінеді. Мұндай оқиға ел ішінде көптеп сақталған. Жазушы Қойшығара Салғарауының «Мүде» атты туындысында қытайларға қорған салуға мәжбүр еткен ғұн патшасының батырлығымен қоса, жауға шабар атына ерекше мән бергені, сәйгүлігі арқылы талай жекпе-жекте жеңіске жеткені баяндалады.

Қазақ пен жылқының етене жақындығы сонша, әлі күнге дейін ат көрсе мінгіміз келіп, қанымыз тулап тұратыны бар. Біздің елде ат спортының ерекше дамуы да содан шығар. Оның «Көкпар», «Бәйге», «Теңге алу», «Қыз қуу» сынды халқымызға тән бірнеше түрі бар. Алайда бұл өз алдына бөлек әңгіме. Белгілі ғалым, қазақтың этномәдени жағын тереңірек зерттеген жан Ақселеу Сейдімбек ел ішінде жүріп, атсейістер мен жылқы сыншыларынан сәйгүлік тұрғысында мәліметтер жинай келе Қамбар ата төлінің бойындағы он бес түрлі қасиетін атап өтеді.

Адам баласы машинаны ойлап тапқанша жақсы атты жанына серік етуді армандаған. Мұны Доспамбет жыраудың «Күмбір де күмбір кісінетіп, күреңді мінер күн қайда?» атты толғауынан көре аламыз. Қазіргі жастар «Гүріл де гүріл еткізіп, тайота мінер күн қайда?» деп жырлайтын болыпты. Бұл да заман ағысы шығар. Қалай дегенде де жылқы мінезді қазаққа серік болған осы бір жануардың пайдасы біз ойлағаннан әлдеқайда көп болса керек.

АЛПАМЫС БАТЫРДЫҢ ӘЙЕЛІ ГҮЛБАРШЫН СҰЛУ ҚАЙДА ЖЕРЛЕНГЕН?

Қазақ батырлар жырындағы тұлғалы кейіпкер, алпамса денелі Алпамыс батырды білмейтіндер кемде-кем. Эпостық туындыда Алпамыстың өмірге келуі мен оның өсуі фантастикалық сипат алғанымен батыр шынымен өмірде болған жан. Бүгін Алпамыстың сүйген жары Гүлбаршын сұлу жатыр деп саналатын Көккесене жайлы әңгіме қаузайтын боламыз.

Жаңақорған ауданына қарасты Қожамберді батырдың атымен аталатын елді мекен бар. Осы жерде жұртшылық «Көккесене» атап кеткен ортағасырлық архитектуралық ескерткішті кездестіресіз.

Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, Көккесене орта ғасырлардан сақталған архитектуралық ескерткішке жатады. Ол Төменарық теміржол торабынан солтүстікке қарай-5, Сығанақтан оңтүстікке қарай-8 шақырымдық қашықтықта орналасқан.

Көккесене жайлы зерттеулер мен жазбалар аз емес. Осыдан 95 жыл бұрын қазақтың Биағасы – Бейімбет Майлин «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне «Мәдениет мұралары» деген тақырыппен мақала жарияланған. Қайраткер Көккесенедей тарихтан тін тарқататын мәдени мұраға күтім керектігін айтқан. Көккесененің бүгінгі жайына қарағанда Кеңес үкіметінің тұсында жазушының жанайқайына ешкім құлақ түрмеген секілді. Қараусыз кесене ақыры құлап тынған. Жаңақорғандық ақын, жазушы-журналист, балалар әдебиетінің аса ірі өкілі Адырбек Сопыбеков: «Көптеген зерттеулерде Баршынкент Сырдарияның оң жағасына қоныс тепкені айтылады. Көккесене де соған таяу жерде болған деушілер де бар. Бұл әңгіме шындыққа жанасатын секілді. Гүлбаршын сұлу бақылыққа аттанғанда, оны елсіз далаға апарып жерлеген жоқ. Қала маңындағы қорымның біріне жерлеген. Демек, Баршынкент пен Көккесененің арасы онша қашық болмаған секілді. Сондықтан әйгілі кесенені Гүлбаршын сұлудың мәңгілік мекеніне айналған қасиетті орын деп санасақ, артық емес», – деген пікір білдірген.

Тақырыпты аша түсу үшін Жаңақорған ауданындағы Көккесене орналасқан Қожамберді ауылына бардық. Жергілікті тұрғындар Көккесенені Алпамыс батырдың жұбайы Гүлбаршынның қабіріне орнатылған деп санайды екен.

Энциклопедиялық мәліметтерде оны салжұқтар заманының сәулет өнерінің үлгісімен биік мұнаралы етіп салынғаны айтылады. Кесене күйдірілген қыштан тұрғызылған. Күмбездің аркасын жебенің үшкір басына ұқсатып, екі иығын өрнекті бағаналармен көмкерген. Қабырғаларын Алаша хан күмбезі секілді қыштан кілем өрнегі үлгісіне ұқсатып қалаған. Бір жағынан қарағанда



ол Қарахан мазарына ұқсас. Оған жақын маңда Баршын сұлудың әкімшілік құрған астанасы Баршынкенттің қираған орны бар. Бұл ескерткішке қатысты Ж.Басығарин, Е.Қасымов, И.Кастанье, В.Бартольд еңбектерінде тарихи мәліметтер сақталған. Академик Әлкей Марғұлан: «Оғыз елінің атақты бір қаласы – Баршынкент. Баршынкенттің тағы бір қызық тарихы ол қаланы оғыз елін басқарған жеті данышпан қыздың бірі – Баршын сұлуға арнап салынғандығы. Қазақтар ол қаланы бергі кезге дейін «Қыз қала» деп келді» – дейді.

Қожамберді шағын ауыл болғанымен тамырын тереңнен алып жатыр екен. Иә, біздің туған жеріміз – Сыр топырағында әлі қанша ашылмаған жұмбақ бар екен десеңші?! Мың археолог қазса да түбіне жете алмайтын шығар. Осы ауылдың абыз ақсақалы атанған Есболат көкеміз бізді қызықтырған кесене жайлы кеңінен әңгімелеп берді.

– Көккесене – біздің ауылдың жүрегі. Бұл жерде атақты Алпамыс батырдың әйелі Гүлбаршын сұлу жатыр. Бізге дейінгі үлкендер осылай дейтін. Біз де балаларымызға солай айтып жүрміз. Ал ауыл атқа құйысқансыз мінген Қожамберді батырдың есімімен аталады, – деді ол ағынан жарылып.

Бір өкініштісі, Көккесене сақталмаған. Жай ғана үйінді төбе сияқты. Жан-жағына қорым түсіп кеткен. Бір сөзбен айтқанда, ауыл қорымы болып тұр.

Қазанғаптың қанша күйі болғанын ешкім де тап басып айта алмайды. Бірақ оның тек «Ақжелең» күйінің өзі ғана 62 нұсқадан тұратынын қазанғаптанушылар айтып та, жазып та жүр. Ал одан басқа да Қазанғап домбырасының шанағынан көптеген күй төгілген. Күйлерін ұлы күйшінің өзінен үйреніп, жанында жүрген тікелей шәкірттері боп өмірден өткен Жәлекеш Айпақов, Кәдіралы Ержанов, Мәжит Бейсенбаев секілді көптеген домбырашы-күйшілер, арнайы Шалқарға келіп, Қазанғаптың күйлерін жазып алған академик Ахмет Жұбанов, экспедиция жасақтап келген Бек Сүлейменов, Мардан Байділдаев және басқа ғалымдар, Қазанғап күйлерін нотаға түсіріп, ғылыми айналымға қосқан Сәдуақас Балмағамбетов те Қазанғаптың күйлерін толық жинақтай алмады. Қазіргі кезде Қазанғап күйлерінің аттары белгілі болғанымен, оларды ешкім толық біле бермейді. Осы орайда республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне 2017 жылдың маусым айында шыққан ақтөбелік қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Бердібай Кемалдың мақаласын ұсынып отырмыз.

Қазанғаптың қанша күйі болған?



Қазақ музыкасын ғылыми тұрғыда зерттеп, тарихын жазған Ахмет Жұбановтың өзі сол замандағы салқын саясаттан зардап шекті. Ұлтының рухани ұлы мұраларын жарыққа шығарып, қазақ халқын әлемге танытпақ болған Ахаңның да қадамы аңдулы болды. Оның үстіне қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы, КСРО Ғылым академиясының қазақ бөлімінің Президиум мүшесі Құдайберген Жұбанов 1937 жылы «жапон тыңшысы» деген жалған айыппен қамалып, көп уақыт өтпей атылып кетті. Соған қарамастан, ұлт-аспаптар оркестрін құрып, қазақ өнері мен мәдениетін шынайы зерттеуге кіріскен Ахмет Жұбановты феодализмнің қалдықтарын насихаттаушы деп сынап, мінегендер де табылды. Кейін өнертанушы ғалымдардың басты ғылыми құралына айналған «Замана бұлбұлдары» этнографиялық еңбегі 1940 жылдары жазылған екен. «Ескіліктің қалдықтары» насихатталған деген сынға ұшырап, туралып тасталған. Бұл ғылыми еңбегін А.Жұбанов қайта жазып, 1963 жылы ғана жарыққа шығара алған. Жан-жақтан болып жатқан түрлі қитұрқы қысымдарға қарамастан, Ахаң көптеген мәселені сыналап болса да кіргізіп жіберген. Қазанғап күйлерін зерттеу барысында да ызғарын төккен саясаттың ғалым құлашын жаздырмағаны анық.

Кеңес өкіметі тұсында Қазанғап күйлерінен де астар іздеушілер табылған. Ахмет Жұбановтан бастап күйшіні зерттеушілерге қойылған кінәнің бірі – Қазанғап өз күйлеріне Кеңес өкіметінің жетістіктерін қоспапты. Қазақ даласында еркін жүріп, халықтың ықыласына бөленген, жаңа биліктің саясатынан хабарсыз, оның үстіне 1921 жылы дүние салған, Кеңес өкіметі тұсында төрт-ақ жыл өмір сүрген Қазанғап күй арқылы коммунизмді қайдан жырласын. Күйшіге тағылған тағы бір айып – оның күйлері пессимизмге толы, қыз-келіншектерді күйге қосқан. Мұның бәрі әншейін еді. Айыптаушылардың астыртын кінәсінің басты мәні Қазанғаптың халық батырларын күй арқылы дәріптегенінде жатыр.

Қазақтың ұлттық болмысын, тұрмыс-тіршілігін, көшпенділіктен бастап бүкіл өмірін, өмір сүрген ортасын, мекенін, табиғатын ақындар мен жыраулардай жырлап беретін құдіретті бір күш күйде, күйшілік өнерде жатыр. Оғыз-қыпшақ кезеңінен жеткен күй аңыздарынан, оның ішінде Қорқыт ата күйлерінен бастау алған қазақтың күй өнері халқымыздың тарихын үнге қосып келеді. Кетбұға мен Боғда күйлері өз дәуірінен хабар береді.

Жалпы қандай шығарма болса да, сол дәуірдің тарихи жағдайына, өмір сүру шындығына келіп тіреледі. Қазанғап та өз заманының тынысын домбыра арқылы сөйлетіп, халықтың көңіл күйін әуенге салды. Қазанғап күйлерінің өміршеңдігі де оның өнер ретіндегі биіктігі мен заманды суреттей білуінде жатыр.

Қазанғап күйлерін зерттеу кезінде оның шығармалары жанрының әртектілігін көруге болады. Қазанғап күйлері тұнық лирикалық сезімдермен қатар, үлкен философияға толы. Сонымен қатар азаттықты ту еткен қаһармандық күйлері де бар.

Қазанғап күйлерін сөз еткенде, алдымен оның «Ақжелең» күйі еске оралады. Қазанғап «Ақжеленнің» 62 түрін шығарған. Неліктен 62 екенін қазанғаптанушылар адамның алпыс екі тамырымен байланыстырады. Күйшінің «Алпыс екі тамыры бусанып» шығарған «Ақжелең» күйлері лирикаға құрылған.

Күйші көңіл-күйін көтеріңкі ұстап, домбырасын қағып-қағып жіберіп, күй тартуға кірісті. Бұл – Қазанғаптың күй тартар алдында өзін әбден психологиялық жағынан дайындап, күй өнерінің терең тұңғиығына бойлайтын тұсы. Күй «Күй шақыру» деп аталады. Міне, осыдан кейін Қазанғап бабамыз бабына келіп, жиналған жұрттың құлақ құрышын қандырған. Лирикалық жанрда шығарылған күйлері жеткізбек болған ойына, оқиғалар мен құбылыстарға сай бірде көңілді, бірде мұңды болып төгіледі.

Лирикаға тұнған алпыс екі «Ақжеленді» махаббат лирикасы, табиғат лирикасы, жан-жануарларға арналған лирикалық күйлер деп бөлуге болады. «Ақжелең» күйлерінің 15-і Балжан қызға арналыпты. Махаббат лирикасы деген жіктеуге жататын осы күйлердің шығу тарихының өзі күй жанрын анықтап тұрғандай.

Қазанғап қарақалпақ елін аралап жүріп, Уәли деген байдың үйіне түседі. Байдың Балжан атты 15 жастағы қызы бар екен. Көрікті, киім киісі, жүріс-тұрысы да ерекшеленіп тұрады. Қазанғаптың «Балжан қыз» деп аталатын күйлер циклы осыдан басталады. Күйші Уәли байдың ауылын өнерімен тәнті етеді. Біраз күн қонақ болғаннан кейін қайтуға жиналған Қазанғапты байдың қызы Балжан қимастық сезіммен шығарып салады.

Қазанғап арада екі-үш жыл өткеннен кейін қайта барса, Балжан қыз ұзатылып жатыр екен. Тойдың үстінен түседі. Күйші ағасын көрген еркін өскен бұлаң қыз сағынышын жасырмай, Қазанғапты күткенін, енді амалсыз ұзатылып бара жатқанын айтады. Қазанғап сол тойда «18 жасар Балжан қыз» деген күйін шығарады. Бірнеше күн тойдың сыйлы қонағы болған Қазанғапты жібергісі келмеген Балжан қыз қайта-қайта күй тарттырады. Ақыр аяғында қыздың күйшіге деген сезімінен күдіктенген жеңгелері Қазанғапқа қайтсаңшы дегенді айтады. Қазанғап қоштасар сәтте тағы бір жаңа күй орындайды. Бұл күйдің қалай деп аталатынын сұрағандарға айта қоймайды. Күйдің мазмұнын түсінген Балжан қыз «Мұның аты – «Рұқсат берші, Балжан қыз» ғой» депті. Кейін арада жылдар өткенде бұрынғы ерке, шолжаң, бұлаң қылықтарынан арылып, байсалды әйел болған шығар деп ойлаған күйші «Балжан әйел» атты күй шығарады. Сондай-ақ Қазанғаптың бүгінгі күні орындалып жүрген «Бұраң бел Балжан қыз» деген күйі бар.

Қазанғаптың «Көкіл», «Дүркін-дүркін дүние», «Домалатпай Ақжелең», «Ілме», «Жаңылтпаш», «Қап, әттеген-ай!» күйлері лирикалық күйлерге жатады.

Күйшінің махаббат лирикасымен қатар, табиғат лирикасына жататын күйлеріне де тоқталып өтелік. «Жем суының тасқыны» күйінің орындалуын жіті бақылап отырсаңыз, өзен жай ағыспен ағып жатқан секілді. Саусақтар сағадан төмен қарай құлдилай түскенде судың толқынын, бірте-бірте қатты ағысын аңғарасыз. Ал пернелерді бірінен соң бірін алмастырған саусақтар домбыраның мойнына жеткенде тынши қалады. Өзен ағысын көз алдыңызға әкеледі.

Қазанғапта табиғатпен ұштасып жататын жан-жануарлардың ерекшеліктеріне, мінез-құлқына қатысты күйлер де жетерлік. Мәселен, «Торы жорға аттың бөгелек қағуы», «Торы аттың кекіл қақпайы», «Майда қоңыр», «Ақсұңқар құс», «Бөгелек» күйлері жан-жануарларға арналған. Бірде Бүркітбай деген байдың жорғасының жүрісіне, сұлулығына сүйсінген Қазанғап «Торы жорға аттың бөгелек қағуын» суат басында шығарған екен.

Қазанғапты қазақ халқының жыраулық дәстүрімен сусындап, қанына сіңіре білген және оны домбыра үні арқылы бейнелеген деп айтуға болады. «Ноғайлының босқыны», «Балжанның жыр күйі», «Бекеттің жыр күйі» атты күйлерін тыңдағанда құдды бір эпостық жырларды тыңдағандай күй кешесіз. Қазанғаптың эпостық жырлармен үндес күйлері сонау заманнан келе жатқан ұлттық мұрамызбен сарындас шығып жатады. Қазанғапты батырлықты, азаттықты аңсаған күйші ретінде «Жұртта қалған» күйінен тануға болады. 1916 жылы орыс патшасы қазақтарды қара жұмысқа алу туралы жарлық шығарғанда оған қарсы болған қыр қазағы ішке қарай үдере көшкен. Сол кезде көшуге мүмкіндігі жоқтар ескі жұртта қалып қойған. Жазықсыз зардап шеккен қазақтардың мұң-мұқтажын жоқтайтын «Жұртта қалған» күйі осы кезде шығарылған.

Борсық құмы, Мұғалжар тауы, Жем-Сағыз, Арал, Қазалы бойын жайлаған шектілердің патшаның отарлық езгісіне қарсы күрескені тарихтан белгілі. 1847-1858 жылдары Есет Көтібарұлы бастаған шектілер бірнеше рет бас көтерулер жасаған. Есетпен қатар көтерілісшілердің басында Ерназар, Бекет, Әзберген тәрізді батырлар болды. Алайда патша армиясы бұл көтерілістерді басып тастады. Міне, осы батырлардың ерлік жолдарын Қазанғап «Ерназар, Бекеттің зары», «Қос қыран», «Бекеттің жыр күйі» күйлеріне арқау етті. Ал Ерназар мен Бекеттің қамалғанына қиналған халықтың мұңға толы көңіл-күйін «Шырылдатпа», «Жібер-сейші» күйлерімен жеткізді. Күйшінің жүрегі осылайша егілді. Орысқа қарсы күй шығарған Қазанғаптың күйлері кешегі Кеңес өкіметіне ұнамайтын еді, күйшінің есімі мен күйлерін жарыққа шығармаудың бір себебі осында жатыр.

Қазанғаптың қай күйі де философияға тұнып тұр. Оның ішінде халықтың көңіл-күйін, асыл арманын үлкен ой-толғаммен жеткізетін «Көкіл» күйі ерекше орын алады. «Жұртта қалған», «Өттің дүние, кеттің дүние!» күйлерінде қазақтың таза ой-арманы түзілген. Әсіресе «Өттің дүние, кеттің дүние!» күйі Үсен төреге арналғанымен, онда Үсен секілді небір бай-бағланның тағдыры бір Алланың қолында екенін еске салады.

Қазанғап күйлерін хал-қадірімізше қарастырып, кейбір жанрлық ерекшеліктеріне тоқталдық. Алдағы уақытта қазанғаптанушылар, күйші-домбырашылар, өнер зерттеушілері ұлы күйшінің күйшілік ерекшеліктерін, өзге күй мектептерінен айырмашылықтарын, жанрлық құрылымын зерттеп, ғылыми айналымға қосып жатса құба-құп болар еді.

Беттің мақалаларын дайындаған
Ә.ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ
Суреттер ашық дереккөзден алынды

БОРЫШЫН ӨТЕМЕУ БӨРІКТІГЕ СЫН

Қорғаныс министрлігі тиісті ережелерге өзгерістер енгізу жұмыстарын бастап кетті. Жобаны іске асыру білім беру саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етпейді. Бұл жоба 2023 жылдан басталады. Мұндай жеңілдіктер қазіргі уақытта борышын өтеп жүрген азаматтарға және 2022 жылы әскерге шақырылуға жататын сарбаздарға жасалмақ. Демек, күнтізбе бойынша күзде әскерден келген соң, олардың оқуға түсуге мүмкіндіктері бар. Бұрынғы әскери қызметшілер жоғары оқу орындарының әскери кафедрасында тегін оқи алады. Жаңа жобаны Ғылым және жоғары білім министрлігі де қолдап отыр. Бұдан бөлек, әскерге барып келгендерге бірнеше жеңілдік жасалады. Атап айтқанда, олар – ҰБТ-ны есепке алмай, әңгімелесу нәтижесі бойынша екі жыл ішінде ақылы негізде жоғары оқу орнына түсу, ЖОО әскери кафедрасында тегін оқу және әскери оқу орындарына емтихансыз және ҰБТ-сыз оқуға түсу мүмкіндіктері.

Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, күнтізбе бойынша күзде әскерден келген соң олар оқуға түсе алады. Ал бұрынғы әскери қызметшілер жоғары оқу орындарының әскери кафедрасында тегін оқу мүмкіндігіне ие болады. Қорғаныс министрінің кеңесшісі Айгүл Түлембаеваның айтуынша, жеке қасиеттеріне, үлгілі тәртібіне және мерзімді әскери қызметін өтеу кезеңінде жауынгерлік даярлықта қол жеткізген жоғары нәтижелеріне қарай әскери қызметшілерге жоғары оқу орнының гранты есебінен тегін жоғары білім алу мүмкіндігі беріледі.

– Мұндай жастарға Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орын-дарына емтихансыз және ҰБТ-ны есепке алмай-ақ оқуға түсу мүмкіндігі ұсынылады. Әскери оқу орындарына емтихансыз түсу және азаматтық жоғары оқу орындарында оқу грантын алу кезінде әскери қызметшілердің Отан алдындағы борышын өтеген балаларына да басымдық беріледі. Жобаны іске асыру білім беру саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етпейді,– деді Айгүл Түлембаева.

Оның айтуынша, еліміздің барлық өңіріндегі 40-қа жуық жоғары оқу орны әскери борышын өтеген азаматтарға білім алуға жеңілдіктер береді.

Осы орайда көпшілікті сарбаздарды әскерге шақыру арқылы сапасыз маман даярлап шықпаймыз ба? деген мәселе алаңдатып отыр. Одан бөлек бұл жоба жылдар бойы жақсы оқыған бала мен әскерге бір жыл ғана барып, грантқа түскен баланың арасына теңсіздік туғызбай ма? Осы мәселелер бойынша пікір-талас өрбіді. Пікірлерге сүйенсек, сапалы кадр дайындауға кері әсер ететінін де айтқандар бар.

Мәселен, химия ғылымдары бойынша PhD, Аятжан Ахметжанұлы бұл жобаны іске асыру арқылы болашақта сапасыз кадрлар дайындап шығатынын айтады. «Жалпы білім ең алдымен білімді адамға берілуі керек. Білім жарысында озып шыққан, білім олимпиадаларында жеңіске жеткен, әлемдік деңгейдегі білім сайыстарынан орын алып келген балаларға тегін грант беру – басқа әңгіме. Заң бойынша оларға грант беріледі. Дұрыс әрі түсінікті. Кез келген мемлекеттік грантты әскерден келген балаға ұстата салу деген – сапалы кадр керек емес деген әңгіменің жобасы ғой. Ақылға келмейтін дүние деген ойдамын», – деп жазады ол.

Аятжан Ахметжанұлының сөзіне сүйенсек, «университеттердің бұл бастамаға қолдау білдіріп жатуының басты себебі – білім гранттарын алғысы келетінінде. Баласын оқуға түсірудің амалын іздеген ата-аналар да бұл бастаманы қолдауы мүмкін» дейді ол. Дегенмен болашақта елімізге сапалы маман қажет екенін ұмытпағанымыз абзал. Себебі қазіргі таңда тек білімділер алға шығатын заман болып тұр.

Ал сенат депутаты Нұржан Нұрсипатов сарбаздарды ынталандыру үшін тегін оқытқан дұрыс деген шешімді қолдайды. Алайда оның пікірінше, жас сарбаз өз саласында, яғни әскери оқу орындарында оқуы керек. Атап айтқанда, әскерден кейін жігіттерді Жаяу әскер академиясына, Әуе қорғаныс күштері Әскери институтына тарту қажет.

– Басқа бағыттағы мамандыққа түсетін сарбаздар арасында бөлек конкурс өткізу қажет. Әскерге барды екен деп барлық азаматқа грант бере салуға болмайды. Сондықтан әскерге барғандардың арасынан да ең үздіктері грант иегері атануы керек. Олардың білімі орта мектепті бітірген түлектердің деңгейінен төмен болмағаны жөн. Кеңес үкіметі кезінде әскерден келген азаматтарға жеңілдік жасап, жұмыс өтіліне қосатын. Сонымен қатар әскерден келген балаларға бұрынғыдай дайындық курсын өткізу керек, – дейді сенат депутаты Нұржан Нұрсипатов.

Айта кетейік, жігіттерді әскерге шақыру мақсатында тағы да бірнеше жоба қарастырылуда. Мәселен, оларды жұмысқа орналастыру мәселесі де кеңінен қаралған. Сонымен қатар әскери борышын өтеп жатқан қазақстандықтарға кредитті 1 жылдан соң төлеуге мүмкіндік берілмек. Бұл туралы Қорғаныс вице-министрі Дархан Ахмадиев хабарлаған.

«Жақында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен несиелерге «демалыс беру» туралы келісімді жариялаймыз. Яғни сарбаздардың несиелері мерзімді қызмет кезінде 13 айға тоқтатылады. 12 ай қызмет ету+1 ай жұмысқа орналасуға беріледі. Сондай-ақ жоспарымызда әскерден кейін сарбаздарды жұмысқа орналастыру туралы кәсіпорындармен уағдаласу тұр» – деп жазған министрдің орынбасары фейсбук әлеуметтік желісінде.

Қалай болғанда әскерден жалтарған жастарды сарбаз болуға ынталандыру қажет. Сондықтан да Отан алдындағы борышын өтейтін азаматтарға басымдық беру заңдылық та шығар. Дегенмен борышын өтемеу бөріктіге сын екенін ұмытпағанымыз абзал.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Қорғаныс министрлігі тиісті ережелерге өзгерістер енгізу жұмыстарын бастап кетті. Жобаны іске асыру білім беру саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етпейді. Бұл жоба 2023 жылдан басталады. Мұндай жеңілдіктер қазіргі уақытта борышын өтеп жүрген азаматтарға және 2022 жылы әскерге шақырылуға жататын сарбаздарға берілетін болады. Демек күнтізбе бойынша күзде әскерден келген соң, олардың оқуға түсуге мүмкіндіктері бар. Бұрынғы әскери қызметшілер жоғары оқу орындарының әскери кафедрасында тегін оқи алады.

Басы 1-бетте

РЕСПУБЛИКАДА ҮЗДІК АТАНҒАН МЕКТЕП

ОБСЕ бағдарламасына сәйкес ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қолдауымен «G-Global» жасыл экономика коалициясының өткізген «Жасыл кеңсе – 2022» республикалық конкурсының нәтижесі шықты.

Конкурстың мақсаты энергияны, суды және ресурстарды үнемдеуді ынталандыру, экологиялық таза технологияларды, тауарлар мен қызметтерді жылжыту, сондай-ақ қоршаған ортаға бағытталған жұмыста қолайлы жағдай жасауға жәрдемдесу болатын. Яғни мектептерді қоршаған ортаны қорғауға ынталандыру еді.

Конкурсқа еліміз бойынша жүз мектеп қатысқан. Соның ішінен Астана қаласындағы №83 гимназия, Павлодар қаласының мамандандырылған мектебі, Маңғыстау қаласының мектебі және Қызылорда облысының Серәлі Лапин Атындағы №261 мектебі жеңіске жетті. Бұл жеңіске оқушылар, биолог, химик, физиктер және барша ұжым мен ата-аналар өз үлестерін қосқан.

– Бұл – бір айғы емес үш жылғы еңбек. Байқауға жылыжай, күн батареясы, жел генераторы, су үнемдеу, ауыз суды фильтрлеу, қоқысты бөліп жинау, табиғатты қалдықтан тазарту, эко-жасақшылар, жарықты өшіріп жүру, қалдықты қайта өңдеу, дәптерлер макулатурасы сияқты бірнеше бағыт бойынша жұмыстар ұсындық, – дейді мектеп директоры Қарлығаш Абдрахманова.

А.АЙТЖАН

БІЗ ӘЛЕМДІ ҮЛКЕН КІТАПХАНАҒА АЙНАЛДЫРАМЫЗ

«Кітап – ең асыл қазына, рухани байлық» деген қанатты сөз бар. Осы қанатты сөздің мағынасына мән берсек, кітап – сарқылмас қазына. Кітап оқыған адамның жан дүниесі мен ойлау қабілеті де өзгеше болады.

Осы орайда кітапхана оқырмандары арасында кітап оқуды насихаттау, оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында, А.С.Пушкин атындағы орталық кітапханада «Біз әлемді үлкен кітапханаға айналдырамыз» атты буккроссинг кітап алмасу акциясы өтті.

– Бұл шараның негізгі мақсаты – өзара кітап алмасу. «Буккросинг» акциясы – кітап пен оқырман арасын жақындатудың тиімді жолы. Жалпы ол қазақшаға аударғанда «кітап сыйлау» немесе «кітаптың айналыста жүруі» деген мағынаны білдіреді. Бүгінгі ұйымдастырылып отырған «Буккроссинг» акциясына өзінің туындысын басқа оқырмандармен бөлісіп, қуаныш пен бақыт сыйлау үшін, кітапхананың белсенді оқырманы, зейнеткер Ұлбала Меңліқарақызы «Жүрек сезімі» атты өзінің туындысын және Абылайхан атындағы №140 орта мектептің оқушылары өздерінің оқыған қызықты кітабын әкеліп, кітапсүйер қауыммен бөлісті, – дейді А.С.Пушкин атындағы орталық кітапхананың аға кітапханашысы Қарлығаш Махамбетжанқызы.

Сонымен қатар кітапханадағы «Жүкте, Оқы! Скачай и читай! Download and read!» атты мобильді кітапханаға қызығушылық танытып, Kitap.Kz сайтына тіркелген кітаптарды өздерінің смартфондарына жүктеп, бірге оқыды. «Буккроссинг» шарасы жастарымыздың кітап құндылығы туралы көзқарасына аз да болса өзгеріс енгізеді деп сенеміз.

А.ҚАДЫРХАН

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

6414 ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы ІІМ нұсқауына сәйкес, ағымдағы жылдың 1 қазанынан бастап 1 қараша аралығында облыс көлемінде «Учаске» жедел профилактикалық іс-шарасы өтті.

Профилактикалық шара аясында құқық қорғау өкілдері 5712 пәтер мен 42395 жеке үйді аралап, учаскелік полиция инспекторларының визиткалары таратылды. Аралау барысында 29 пәтер заңсыз жалға берілгені анықталып, шешім қабылдау үшін құжаттар жергілікті мемлекеттік кірістер басқармасына жолданды.

Ішкі істер органдарының профилактикалық және тізімдік есебінде тұрған 2373 азамат тұрғылықты мекен жайынан тексеріліп, профилактикалық әңгімелер жүргізілді. Шара барысында барлығы 6414 әкімшілік құқық бұзушылық дерегі анықталса, оның 416 дерегі көші-қон заңнамаларын бұзуға байланысты.

Ішкі істер органдарының есебінде тұрған қару иелерінің 4273-і тексеріліп, қаруды сақтау, тасымалдау ережелерін бұзған 24 облыс тұрғынына қатысты шара көріліп, ішкі істер органдарында тіркелмеген 8 мылтық тәркіленді.

МАС ЖҮРГІЗУШІ ПОЛИЦИЯДАН ҚАШТЫ

Қызылорда қалалық полиция басқармасының қызметкерлері жол-көлік апаттарының алдын алу мен жолда жүру ережелерін өрескел бұзушыларды анықтау мақсатында тұрақты түрде рейдтік іс-шараларды өткізіп келеді.

Мәселен, полиция түнгі уақытта сағат 00:45 шамасында Қазақстан көшесінің бойында өрескел құқық бұзушылық жасағаны үшін «Mercedes benz» маркалы автокөлігін тоқтатқан. Полиция қызметкері өзін таныстыру барысында, автокөлік қатты жылдамдықпен басып, тәртіп сақшыларынан қашпақшы болды. Алайда құқық бұзушы Торайғыров көшесінің бойынан ұсталды. Наркологиялық сараптама нәтижесі бойынша оның орта дәрежелі масаң күйде болғаны анықталды.

Тәртіп бұзушыға қатысты ҚР Әкімшілік Құқық бұзушылық туралы Кодексінің 608-бабының 1-бөлігімен, яғни көлік құралын алкогольдік масаң күйде басқаруы және 613 бабының 1-бөлігімен, яғни полиция органдары қызметкерінің талаптарын орындамау, алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйін куәландырудан өтуден жалтару бойынша әкімшілік хаттамалар толтырылып, автокөлік айып тұрағына қойылды.

ТІРКЕЛМЕГЕН АҢШЫ МЫЛТЫҒЫН САҚТАҒАН

Қызылордалық полицейлер рейд барысында кезекші тәулік ішінде облыс тұрғындарынан ПО-да тіркелмеген 2 аңшы мылтығын тәркіледі.

Барлық фактілер бойынша Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 482-бабының 1-бөлігімен, яғни ішкі істер органдарында тіркелмеген тегіс ұңғылы, газды қару мен олардың патрондарын, сол сияқты электрлі қаруды, үрлемелі қуаты 7,5 Джоульдан жоғары, калибрі 4,5 миллиметрден асатын пневматикалық қаруды заңсыз иеленіп алу, беру, өткізу, сақтау, алып жүру, тасымалдау бойынша әкімшілік хаттамалар рәсімделіп, сотқа жолданды.

ЗАҢСЫЗ АҢҒА ШЫҚҚАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Облыс көлемінде «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті. Іс-шараның басты мақсаты – табиғат қорғау заңнамасын бұзушылықтарды, биологиялық ресурстар объектілері мен өнімдерінің заңсыз айналымын анықтауға және жолын кесуге, экологиялық қылмыстарды ашуға бағытталған.

Рейдтік шара барысында полицейлер 3 күнде табиғат қорғау заңнамаларын бұзушылықтың барлығы 19 дерегін анықтады. Оның ішінде жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын және аң аулау қағидаларын бұзудың 10 дерегі анықталса, балық аулау және балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау қағидаларын бұзудың 5 дерегі тіркелді. Жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленуі, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы бойынша 2 әкімшілік хаттама толтырылып сотқа жолданса, азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібін бұзу бойынша 2 әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұлдар салынды.

Мысалы, 21 қазандағы рейд барысында облыстың 38 жастағы тұрғынын тексеру кезінде тіркелмеген 20 калибрлі аңшылық мылтықты заңсыз алып жүргені анықталып, әкімшілік хаттама толтырылды.

ІРІ КӨЛЕМДЕ ЕСІРТКІ САҚТАҒАН

«Қарасора-2022» жедел алдын алу іс-шарасы аясында Қызылорда облысы ПД ЕҚҚҚБ, ҚР Ұлттық ұланның «Бүркіт» АЖ және Жаңақорған АПБ-нің қызметкерлері бірлесіп, облыс тұрғынының тұрғылықты жерінен 84 дана сіріңке қораптарына салынған салмағы 359 грамм болатын ірі мөлшерде «кептірілген марихуана» анықтап, оқиға орнында құрықтады. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Аталған дерек бойынша ҚР қылмыстық кодексінің 297-бабымен, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде.

КӨШІ-ҚОН ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНДАР АНЫҚТАЛДЫ

Заңсыз көші-қонды болдырмау және алдын алу, шетелдіктердің көші-қон заңнамасын бұзу фактілерін анықтау мақсатында облыс аумағында «Заңсыз келуші» іс-шарасы өтті. Іс-шараның 7 күнінде 253 құқық бұзушылық анықталды.

Оның ішінде, шетел азаматтарымен жасалған 163 әкімшілік құқық бұзушылықтар анықталса, оның 18-і республика аумағынан алыстатылды. Шетелдіктердің елде ережелерінің сақталуын қамтамасыз етпеген Қазақстан Республикасының 90 азаматына қатысты әкімшілік шара көрілді.

Дайындаған **Аслан НҰРАЗҒАЛИ,**
Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3737 **Тапсырыс №1833**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақмарал ОЛЖАБАЕВА